

• ТАҒЫМ

Аза тұтылды

Маңғыстау облысында әскери қызметшілердің қаза болуына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өкімімен 2026 жылғы 25 қыркүйек Қазақстанда Жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланып, аза тұтылды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы орайда заңнамада аза тұту күніне қатысты тыйым салынған әрекеттердің арнайы толық тізімі қарастырылмағанымен, мемлекеттік хаттама мен қалыптасқан дәстүрге сай бірқатар шектеулер енгізіледі.

Бұл күні еліміз бойынша мемлекеттік тулар төмен түсіріліп, концерт, фестиваль, шоу сияқты көңіл көтеретін бұқаралық іс-шаралар толығымен тоқтатылады немесе кейінге қалдырылады.

Сонымен қатар, телерадио арналарында ойын-сауық бағдарламаларының эфирге шығуы шектеліп, хабар тарату кестесі қайғылы оқиғаға сай өзгертіледі.

Ал, азаматтардың жеке өміріндегі той жасау, мейрамханаға бару немесе ән-күй тыңдау сияқты әрекеттерге заң жүзінде шектеу қойылмайды.

Жалпыұлттық аза тұту күнінің басты мақсаты – қаза тапқан әскери қызметшілердің рухына құрмет көрсету және қайғыға ортақтасу.

Еске салайық, 24 қыркүйекте Каспий теңізінде Әскери-теңіз күштерінің жоспарлы оқу-жаттығуы кезінде қайғылы жағдай орын алды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бұған дейін қыркүйек айында Каспий теңізінің қазақстандық секторында Әскери-теңіз күштерінің жоспарлы оқу-жаттығулары өткізілетінін хабарлаған еді. Мәлім болғандай, теңіздегі ауа райының күрт нашарлап, желдің күшеюі салдарынан 17 әскери қызметші теңізге батып кеткен. Оқыс оқиға салдарынан 14 әскери қызметші қаза тапты. Үш әскери қызметші құтқарылып, іздеу амалдары тоқтатылды.

Қуат желмен жетеді

Облыста жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытындағы жобалар қатары кеңейіп келеді. Осакаров ауданында өңірдегі алғашқы жел электр станциясы іске қосылып, жана энергетикалық қуат пайдалануға берілді. Қуаты 150 МВт болатын нысанға 50 млрд теңге инвестиция салынған.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жел электр станциясының құрылысын «Гиперборея» компаниясы жүргізді. Жоба аясында 21 заманауи жел турбинасы орнатылып, 20 тұрақты жұмыс орны ашылды.

– Бұл – Қазақстандағы қуаты 150 МВт болатын ірі жел электр станцияларының бірі. Жалпы, ол Осакаров ауданы секілді шамамен он ауданның электр энергиясына деген тұтыну көлемін, сондай-ақ, Қарағанды қаласының тұтынуының шамамен 40-50 пайызын өтеуге қауқарлы, – деді «Гиперборея» ЖШС бас директоры Дмитрий Зайцев.

Жел электр станциясын орналастыру үшін Осакаров ауданының тандалуы да бекер емес. Жүргізілген өлшеулер бұл аумақта желдің орташа жылдық жылдамдығы шамамен 8,5 м/с екенін көрсеткен. Ашық жер бедері мен тұрақты



жел станцияның тиімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайды.

Жаңа нысанда әрқайсысының қуаты шамамен 7,7 МВт болатын 21 турбина ор-



натылған. Қалақтарымен қоса есептегенде олардың биіктігі 200 метрден асады. Жел қондырғыларының жұмысы қосалқы станция аумағынан арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы орталықтан-дырылған түрде бақыланады. Станцияда өндірілген электр энергиясы Қазақстанның бірінші электр энергетикалық жүйесіне беріледі. Одан әрі өндірілген қуат өңірлер арасында бөлінеді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа нысанның өңір үшін маңызын атап өтті.

– Осакаров ауданы үшін бұл – маңызды жоба. Жаңа энергетикалық қуаттармен бірге жұмыс орындары, жаңа құзыреттер мен жергілікті бизнес үшін мүмкіндіктер пайда болғанын атап өткен жөн. Ең бастысы, жұмыс мұнымен тоқтамайды. Ауданның жел энергетикасын одан әрі дамытуға әлеуеті жоғары, – деді өңір басшысы.

Жаңа жел электр станциясының іске қосылуы облыста жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін электр энергиясының көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Осыған дейін өңірде бес күн электр станциясы жұмыс істеп келсе, енді жаңартылатын энергия көздерінің қатарын жел энергетикасы толықтырды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаспақ. Осакаров ауданында қуаты 500 МВт болатын тағы бір жел электр станциясының жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 65 жел генераторын орнату жоспарланған. Бұдан бөлек, облыста жел энергетикасы саласындағы тағы екі ірі жоба пысықталуда. Оның бірі – Теміртау қаласында қуаты 500 МВт болатын жел электр станциясы болса, екіншісі – Қарқаралы ауданында қуаты 200 МВт болатын нысан.

Қарағанды облысында жел энергетикасын дамытуға арналған жобалар біртіндеп нақты іске көшіп, өңірдің жаңартылатын энергия көздерін пайдалану әлеуетін арттырып келеді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Өзгеріс те, мәселе де бар

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласында жұмыс сапары барысында тұрғындармен кездесіп, шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өзекті мәселелерін талқылады. Кездесуде тұрғын үй, жол, абаттандыру, сумен қамту, көгалдандыру, экология және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері көтерілді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімі Саян Мұратұлының мәліметінше, жыл басынан бері Балқаш экономикасына 22 млрд теңге инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 115 млрд теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Құрылыс саласында 17 млрд теңгенің жұмысы атқарылып, 5,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін 38,3 мың шаршы метр баспана салу көзделген. Тұрғын үй мәселесін шешу бағытында да жұмыстар жалғасуда. Биыл «Отбасы банк» арқылы кезекте тұрған 15 азамат баспаналы болған. Банкке тағы 76 пәтер бөлуге өтінім жолданған. Жыл соңына дейін кезекте тұрған азаматтарға 162 пәтер салып алу жоспарланған. Инженерлік инфрақұрылымды жаңарту да күн тәртібінен түскен жоқ. Соңғы үш жылда 32 шақырым жылу желісі жөнделіп, желілердің тозу деңгейі 75 пайыздан 55 пайызға төмендеген. Соңғы екі жылда 60 шақырымға жуық су құбыры жаңартылған. Кәріз коллекторының 9,2 шақырымы қайта жаңғыртылған. Саяқ кентін сумен қамту мәселесі де бақылауда. Тоқырау-Саяқ магистралдық су құбырының апатты учаскелері ауыстырылып, сорғы станцияларының жабдыктары, трансформаторлар мен 10 кВ желілері жаңартылуда.

Алайда, тұрғындар қаладағы бірқатар мәселенің әлі де шешімін таппағанын ашық айтты. Әсіресе, саябақтың жағдайы, жасыл желектерді суару, ауызсуды тиімді пайдалану, экологиялық ахуал, жол



сапасы мен аулаларды абаттандыру мәселелері көтерілді. Тұрғындар қаңғыбас иттердің көбеюіне де алаңдайтынын жеткізді. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелеп, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі сөз болды.

Көгалдандыру мәселесіне ерекше тоқталған облыс әкімі суару жүйесі жоқ жерлерге ағаш отырғызуға болмайтынын ескертті. Әкім көшет отырғызумен ғана шектелмей, оның кейінгі күтімі мен суарылуын алдын ала қамтамасыз ету қажеттігін қадап айтты. Экологиялық ахуалға қатысты тұрғындар өндірістік кәсіпорындардан шығатын зиянды қалдықтардың қоршаған ортаға әсеріне алаңдаушылық білдірді. Өнеркәсіптік әлеует пен экологиялық қауіпсіздікті қатар қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Қала әкімі Саян Мұратұлының мәлімдеуінше, биыл қала көшелеріндегі 13 мың шаршы метрден астам жол жабыны қалпына келтірілген. Үш аулада кешенді асфальт төселіп, 19 балалар ойын алаңы мен алты спорт алаңын жөндеу жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар төрт мың

шаршы метрге жуық тротуарды жаңарту жоспарланған. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қалада 623 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Жыл соңына дейін Балқаш, Тораңғалық және Шұбартүбек елдімекендерінде тағы 100 камера орнату немесе ауыстыру көзделген. Қала тазалығы бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері рұқсат етілмеген қоқыс орындарынан 2 600 тонна қалдық шығарылған. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында 22-ден астам сенбілік ұйымдастырылып, 720 тонна қоқыс жиналып, 700 гектар аумақ тазартылған.

Балқаштың экономикалық әлеуетін арттыруда туризмнің де үлесі бар. Қазір қалада туристерді қабылдайтын 90 нысан жұмыс істейді. Олардың бір мезгілдегі сыйымдылығы шамамен 6 мың орынға жетеді. Биыл екі демалыс аймағы пайдалануға берілген. «Балқаш Tourfest – 2026» фестиваліне шамамен 100 мың адам қатысып, орналастыру және қоғамдық тамақтану орындарының айналымы 900 млн теңгеге жуықтаған. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5

400-ге жуықтап, салада 10 мыңнан астам адам еңбек етуде.

Әлеуметтік салада биыл 1 млрд 126 млн теңге көлемінде көмек қарастырылып, жыл басынан бері 6 мыңға жуық тұрғын түрлі әлеуметтік төлемдермен қамтылған. Осы кезеңде 1 391 адам жұмыспен қамтылған.

Денсаулық сақтау саласында балаларға арналған оңалту орталығы іске қосылды. Биыл қалаға 13 дәрігер тартылса, жыл соңына дейін тағы 12 маман келеді деп күтілуде. Білім беру саласында 10 мектеп пен 13 балабақшада жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Кездесуде облыс әкімі тұрғындар көтерген мәселелер бойынша жауапты органдарға нақты тапсырмалар берді. Әсіресе, су ресурстарын тиімді пайдалану, көгалдандыруды жүйелеу және экологиялық жағдайды жақсарту бағытындағы жұмысты күшейтуді тапсырды. Кездесу соңында Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындарды жеке қабылдап, олардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Шанхайда бақ сынауда

Шанхайда өтіп жатқан WorldSkills Shanghai 2026 халықаралық чемпионатында Қарағанды облысының екі студенті Қазақстан намысын қорғап жатыр. Нұрсұлтан Әбдұмәжитов пен Дильназ Құралова кәсіби шеберліктерін әлемдік деңгейде сынап, өз құзыреттіліктері бойынша бақ сынауда.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

22-27 қыркүйек аралығында Қытайда өтіп жатқан халықаралық чемпионатқа әлемнің түпкір-түпкірінен жас мамандар жиналды. Байқауға кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарының студенттері мен жас мамандары қатысып, өз салаларындағы теориялық білімін ғана емес, практикалық дағдыларын да көрсетуде. Чемпионаттың негізгі мақсаты – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, кәсіби шеберліктің жоғары стандарттарын қалыптастыру және жастар арасында техникалық мамандықтарға қызығушылықты күшейту.

Биыл Қазақстан құрамасы 31 құзыреттілік бойынша 33 қатысушыдан жасақталған. Ел намысын қорғаған жастар механика, денекерлеу, мобильді роботтехника, ұшқышсыз технологиялар, аспаздық өнер, қонақүй сервисі және басқа да кәсіби бағыттар бойынша бақ сынауда. Әр қатысушыға белгіленген уақыт ішінде күрделі практикалық тапсырмаларды орындап, кәсіби шеберлігін дәлелдеу міндеті жүктелген.

Қарағанды жоғары инженерлік колледжінің студенті Нұрсұлтан Әбдұмәжитов «Кірпіш қалау» құзыреттілігі бойынша өнер көрсетіп жатыр. Ол халықаралық чемпионатқа WorldSkills Kazakhstan 2025 ұлттық байқауында жеңіске жетіп, жолдама алған. Жас маманның бұл бағыттағы дайындығы бірнеше кезеңнен тұрып, ел ішіндегі іріктеу кезеңдерінен кейін халықаралық додаға қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Нұрсұлтан үшін Шанхай-

дағы чемпионат – кәсіби шеберлігін халықаралық деңгейде көрсетуімен қатар, шетелдік мамандардың жұмыс тәсілдерімен танысуға мүмкіндік беретін маңызды тәжірибе. Халықаралық жарысқа дайындық аясында ол Ханчжоу қаласында болып, Қытай чемпиондарынан тәжірибе жинақтап, арнайы тағылымдамадан өткен. Мұндай дайындық жас маманға байқау талаптарын тереңірек түсініп, практикалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді.

«Болашақ» жоғары колледжінің студенті Дильназ Құралова «Қонақүйдегі ресепшионист» құзыреттілігі бойынша бақ сынауда. Оның міндеті – қонақтарды қабылдау, қызмет көрсету мәдениетін сақтау, түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдау және қонақүй сервисінің халықаралық талаптарына сай жұмыс істеу дағдыларын көрсету. Дильназ да чемпионат алдында халықаралық тәжірибе жинақтаған. Жаз мезгілінде ол Цюрих қаласында тағылымдамадан өтіп, қонақүй саласындағы заманауи қызмет көрсету тәсілдерімен танысқан. Шетелдік тәжірибе оның кәсіби білімі мен практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал етті.

Қарағанды облысының екі студентінің халықаралық чемпионатқа қатысуы өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде жас мамандардың кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Бүгінде колледж студенттері үшін ел ішіндегі кәсіби байқаулардан бастап, халықаралық чемпионаттарға дейін өз шеберлігін сынауға мүмкіндік беретін алаңдар көбейіп келеді. Мұндай жарыстар жастарды таңдаған мамандығына жауапкершілікпен қарап, кәсіби тұрғыдан үздіксіз дамуға ынталандырады.

Ескі жүйенің екінші тынысы

Қарағандының әр үйіне жеткен тамшы суда көзге көрінбейтін үлкен жүйе бар. Қаланың күнделікті тіршілігіне қажет ауызсу алдымен ұзақ жолдан, тазарту қондырғыларынан сүзгіден өтеді. Одан кейін ғана тұтынушыға жетеді. Ал, осы жүйенің негізгі бөлігі жарты ғасырдан астам уақыт бойы қызмет етіп келеді.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарты ғасырлық кешен жанаруда

1974 жылы пайдалануға берілген «Қарағанды Су» ЖШС-нің су тазарту кешеніндегі негізгі құрылыстардың екінші және үшінші кезегі бүгінде қайта жаңғыртылуда. Ұлттық энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жобасы аясындағы пилоттық бастамалардың бірі болып табылатын жоба ескі жабдықтарды ауыстырып қана қоймай, су тазарту жүйесінің технологиялық және құрылыс бөлігін тұтас жаңартуды көздейді. Нысандағы технологиялық жабдықтардың тозуы шамамен 85 пайызға жеткен. Сондықтан, мұнда ескіні қайта-қайта жөндеумен шектелмей, жүйеге жаңа тыныс беру міндеті қойылып отыр. Су тазарту кешені Сәтбаев атындағы каналдан алынған суды шаруашылық-ауызсу сапасына дейін газартып, Қарағанды, Теміртау қалалары мен Ақтас кентінің тұрғындарына, сондай-ақ, өнеркәсіптік кәсіпорындарға жеткізеді.

Кешен құрамына негізгі құрылыстардың үш кезегі кіреді. Олардың жалпы жобалық өнімділігі тәулігіне 650 мың текше метрді құрайды. Бірінші кезек – 320 мың, екінші кезек – 150 мың, үшінші кезек – 180 мың текше метр.




Қазір реконструкция екінші және үшінші кезекте жүріп жатыр.

– Бұл нысан 52 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Инфрақұрылымның тозуы шамамен 85 пайызға жетті. Сондықтан, қарапайым жөндеу жұмыстарымен шектелу мүмкін емес. Реконструкция кезінде технологиялық құбырлар, ысырмалар, электр жетектері, сорғы жабдықтары толық ауыстырылады. Сонымен қатар, ғимараттар мен құрылыстар күрделі жөндеуден өтеді, – деді «Қарағанды Су» ЖШС бас директорының даму және инновациялар жөніндегі орынбасары Денис Калинин.

Қазір нысанда ескі жүйенің іздері біртіндеп жойылып жатыр. Технологиялық құбырлар, арматура мен сорғы жабдықтары демонтаждалған. Құрылыс бөлігінде де ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Ғимараттардың ішіндегі ескі сылақ алынып, қабырғалар қалпына келтірілуде. Гидроокшаулау жүргізіліп, жөндеу қоспаларымен беттер қайта өңделуде. Фасадтар жаңартылып, базальт минералды мақтасынан жылу оқшаулау жүргізілген. Терезе мен есік блоктары орнатылып, шатыр жабыны да жаңартылуда. Сонымен қатар, мердігер ұйым жаңа технологиялық жабдықтар мен қажетті материалдарды сатып алуда.

Жаңғыртудың негізгі бөлігі – технологиялық жүйені толық ауыстыру. Қазір негізгі құрылыс



стардың екінші кезегінде барлық технологиялық құбырлар мен арматура демонтаждалған. Оның ішінде жер астындағы бөліктер де алынып тасталған. Нысанның ішіндегі араластырғыштар, тұндырғыштар мен жылдам сүзгілерде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ескі сылақ алынып, беттер қалпына келтіріліп, гидроокшаулау жасалуда. – Қазір біз негізгі құрылыстардың екінші кезегіндеміз. Мұнда реконструкцияның негізгі жұмыстары жүргізіліп жатыр. Технологиялық құбырлардың барлығы, соның ішінде жер астындағы бөлігі де демонтаждалды. Араластырғыштар, тұндырғыштар мен жылдам сүзгілерде жөндеу жұмыстары атқарылуда. Ескі сылақ алынып, қабырғалар қалпына келтіріліп, гидроокшаулау жүргізілуде, – дейді Денис Викторович.

Алдағы уақытта жаңа технологиялық жабдықтар кезек-кезеңмен жеткізіліп, монтаждалады. Осы арқылы су тазарту процесінің негізгі буындары жаңартылмақ.

Қуат жеткілікті, резерв те бар

Қарағанды, Теміртау қалалары мен Ақтас кентінің тәуліктік суға деген қажеттілігі орта есеппен 200 мың текше метрді құрайды. Жазғы кезеңде, ауа температурасы көтеріліп, суару маусымы басталған кезде, тұтыну көлемі 240 мың текше метрге дейін артады. Бұған қоса, су тазарту кешені бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарының ішінде, Қарағандыдағы

№3 жылу электр орталығын да сумен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда бірінші кезектегі блоктың тәуліктік өнімділігі 320 мың текше метр. Бұл қолданыстағы қажеттілікті толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Қала мен өнеркәсіптің тәуліктік қажеттілігі шамамен 200 мың текше метр. Жазғы кезеңде бұл көрсеткіш 240 мың текше метрге дейін жетеді. Қазіргі қуат қажеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни, белгілі бір резервіміз бар, – деді Денис Калинин.

Реконструкция аяқталғаннан кейін екінші және үшінші кезектің жалпы өнімділігі тәулігіне 330 мың текше метрді құрайды. Бұл кешеннің жалпы сенімділігін арттырып қана қоймай, кейін бірінші кезектегі блокты кезек-кезеңімен жөндеуге шығаруға мүмкіндік береді.

Коммуналдық инфрақұрылымның ерекшелігі – оның көп бөлігі тұрғындардың көзінен таса. Құбырлардың едәуір бөлігі жер астында орналасқан. Сондықтан, сырт көзге жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрғанымен, уақыт өте келе, металдың тот басуы, құбырлардың тозуы немесе жасырын су ағуы сияқты мәселелер пайда болуы мүмкін. Мамандар мұндай жағдайда ағымдағы жөндеу жеткіліксіз екендігін жеткізді. Тозған құбырлар мен технологиялық жабдықтарды толық ауыстыру үшін жүйені қайта жаңғырту қажет. Сондықтан, қазіргі жұмыс ғимараттардың сыртқы келбетін жаңартумен ғана шектелмейді. Негізгі өзгеріс суды тазарту



процесінің өзегіне бағытталған. Жаңартылған жабдықтар мен жөнделген құрылыстар су тазарту жүйесінің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік бермек.

Жобаның түпкі нәтижесі – жаңарған ғимараттар мен жаңа құбырлар ғана емес. Оның басты мәні – тұрғындарға сапалы әрі тұрақты су жеткізудің сенімді жүйесін қалыптастыру. Реконструкция



АЙТЫЛДЫ –
ОРЫНДАЛДЫ

аяқталған соң су тазарту кешенінің технологиялық жабдықтары жаңарып, инженерлік инфрақұрылымның сенімділігі артады. Бұл Қарағанды өңіріндегі шамамен 695 мың тұтынушыны сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған.

Жобаны 2025 жылдың қарашасынан 2028 жылдың ақпанына дейін іске асыру жоспарланған. Бүгінде нысанда ескіні бұзу мен жаңаны орнатуға дайындық жү-

• ЖАҒЫМДЫ жаңалық

Бектауатаның белгісі

Жақында Бектауатаға қарай жол тартқан жолаушының назарына бірден ілігетін жаңа композициялық нысан бой көтерді. Қасиетті мекеннің қіреберісіне орнатылған нысанның биіктігі – 9 метр. Ігі істің бастамашысы Дәурен Игембаевтың айтуынша, композиция ұлттық нақышта жасалған. Оның бойынан найза, шаңырақ, қыран бүркіт пен ою-өрнек элементтерін көруге болады. Ал, Бектауатаның биік шыңдары мен шатқалдарын мекендейтін арқар бейнесі композицияға ерекше көрік беріп тұр.

– Туристік әлеуеті жоғары Бектауатаға келушілер қатары жыл сайын артып келеді. Туристік инфрақұрылымды дамыту жұмыстарымен қатар, Бектауатаның табиғатын көздің қарашығындай сақтау да басты назарда болғаны жөн. Бұған дейін Бектауата аумағындағы құрылыс жұмыстарына қатысты жергілікті тұрғындар тарапынан алаңдаушылық айтылып, қасиетті өлкенің табиғи келбетін сақтау мәселесі көтерілген еді. Биыл қасиетті мекенге апаратын автожолдың жөндеуі де осы бағыттағы маңызды қадам. Енді, жол бойындағы жаңа нысан Бектауатаға бет алған қонақтарға өзіндік белгі болмақ, – дейді Дәурен Игембаев.

Айта кетейік, Бектауата баурайындағы этноауылдың жұмысын үйлестіріп, табиғат аясында демалушыларға қызмет көрсетіп жүрген азаматтардың еңбегі де осы бағыттағы игі бастамалар қатарын толықтырып отыр. Жаңа композицияның ұлттық нақышы қасиетті мекеннің табиғи болмысымен үндесіп, Бектауатаның өзіндік белгісіне айнала түскендей.

Өз тілшімізден

Ақтағай ауданы

Құтты Құмжон көшесі

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының ең үлкен өлшемі де қарапайым халықтың тұрмыс сапасымен, шаңырағындағы шаттықпен өлшенеді. Осы орайда, тұрғындарының әлауқатын арттырып, инфрақұрылымын жаңғыртуды басты назарға алған Шет ауданында бүгінде іргелі істер атқарылып жатыр. Соның бір айқын көрінісі – Құмжон көшесінде бой тіктеген таунахус үлгісіндегі жаңа тұрғын үйлер мен гүлденген аумақ. Бұл – жүздеген отбасының үмітін ақтап, арманын орындаған жасампаз жоба.

Назар ӘЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кез келген елдімекеннің өсіп-өркендеуі ең алдымен, оның инфрақұрылымынан бастау алады. Осыдан екі жыл бұрын Құмжон көшесіндегі арендалық тұрғын үй аумағын абаттандыру жобасы қолға алынғанда, мұндағы тіршілік жаңа арнаға бұрылғандай еді. Екі жылға жоспарланған кешенді жұмыс биылғы жылдың сәуірінде толықтай тәмамдалып, халықтың игілігіне табысталды.

Бүгінде Құмжон көшесіне қүберістегі ұзындығы 1,8 шақырымды күйрең-тын жол көз қуантады. Бұрынғыдай шаң қауып немесе батпақ кешетін күндер ұмытылып, тақтайдай тегіс асфальт төселді. Көктемгі еріген қар мен жауын-шашын тұрғындарға кедергі келтірмеуі үшін 15 нүктеге суағар құбырлары орнатылды. Сүйсінерлік сол, бұл жолдың құрылысын мердігер ұйым мерзімінен бұрын аяқтап, сапасын да жоғары деңгейде қамтамасыз еткен. Тіпті, облыстық «Жол активетерінің Ұлттық сапа орталығы» мамандарының өзі тасжолға арнайы сараптама жүргізіп, мінсіз деген баға берді.

Ауылдық жерде де жайлылықты қалыптастыру – басты мақсат. Сол себепті, жаңа баспаналар орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Тұн жамыла аумақтың самаладай жарқырап тұруы



үшін заманауи шамдар орнатылса, елдің тыныштығын күзету мақсатында жаңадан учаскелік полиция пункті ашылды. Экологиялық мәдениет те назардан тыс қалмады: заман талабына сай коқыс жынау алаңдары жаңартылып, қоршаған ортаның тазалығына ерекше мән беріліп отыр.

«Ауылдың көркі – жастар, бақыты – балалар» демекші, өткен жылдың тамыз айында Құмжон көшесінде жаңартылған балалар ойын алаңы ашылды. Жас ерекшеліктеріне сай алуан түрлі сырғанақтар мен әткеншектер орнатылса, жасөспірімдердің саламатты өмір салтын ұстануы үшін футбол алаңы да қарастырылған. Бүгінде бұл алаңқайда асыр салған балалардың күлкісі бүкіл ауылға ерекше мерекелік көңіл күй сыйлайды.

Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтың нақты нәтижесі – баспаналы болған отбасылардың саны. Соңғы үш жылдың көлемінде, яғни 2024-2026 жылдар аралығында Шет ауданында 223 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді.

Тек 2024 жылдың өзінде 144 отбасы баспана кілтін алды. Олардың қатарында

көпбалалы аналар, жетім балалар, толық емес отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар мен зейнеткерлер бар. Былтыр бұл қуаныш керуені жалғасын тауып, 53 отбасы қоныс тойын тойлады. Ал, биылғы жылдың өзінде тағы 26 шаңырақ (оның басым бөлігі көпбалалы отбасылар) жаңа пәтерге кіріп, мәре-сәре болуда.

Жаңа баспананың жылуын сезініп, мемлекеттің қамқорлығына ризашылығын білдіргендердің бірі – Құмжон көшесіндегі №35 үйдің тұрғыны Несіп-бала Аманбекова. Ақ жаулықты әженің сөзінен қарапайым халықтың шынайы қуанышын аңғару қиын емес:

– Жасым ұлғайған адаммын, сондықтан, үйдің жайлылығы мен үшін өте маңызды еді. Жаңа баспанамызға көңілім әбден толады. Үйіміз сондай кең, жарық, ең бастысы – жылы. Әсіресе, екі қабатты үйде екі санитарлық тораптың болғаны біздей егде адамдар үшін үлкен жеңілдік болды. Екінші қабатта да жуынатын бөлменің орналасуы менің күнделікті өмірімді жақсартты. Өйткені, қажет кезде төменге қайта-қайта түсіп, жоғары көтерілудің өзі қиындық туғызатын



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

еді. Мұнда тұрғындардың жағдайы жіті, тіпті, ұсақ-түйегіне дейін қарастырылған. Осындай жайлы үйге не болғанымызға қуанышым қойныма сыймай отыр. Бұл – біздің көптен күткен арманымыз еді, – дейді Несіп-бала әже ағынан жарылып.

Дегенмен, әлі де болса өз кезегін күтіп, баспанадан үмітті жандар аз емес. Шет ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Толқын Шамғұнова бұл бағыттағы жұмыстардың тоқтаусыз жалғасатынын айтады:

– Ауданымызда тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету – ең өзекті әрі басым бағыттардың бірі. Бүгінгі таңда тұрғын үй кезегінде 1 124 азамат тұр. Олардың басым бөлігі – әлеуметтік осал топтар, жетім балалар мен көпбалалы отбасылар. Қазіргі уақытта Ақадыр, Ақжал кенттерінде, Ақсу-Аюлы, Красная Поляна, Батық және Өспен елдімекендерінде тұрғын үй беру жұмыстары қарқын алған. Жалпы алғанда, алдағы уақытта 124 пәтерді табыстауды көздеп отырмыз. Тұрғын үй қорының мүмкіндігіне қарай бұл жұмыстар заң аясында кезек-кезеңімен, әділ түрде жүзеге асырылады, – дейді бөлім басшысы.

Елдің қуанышы – атқарылған еңбектің ең үлкен өтеуі. Ендеше, ауылдағы жасампаз тірлік пен жаңа қоныстың шаттығы әлі талай шаңырақта от болып маздай береді.

Шет ауданы

Сурет автордан

Саркисян олжа салды

Жапонияның Айти префектурасы мен Нагоя қаласында өтіп жатқан XX жазғы Азия ойындарында Қарағанды спортшылары ел қоржынына жүлде салуды жалғастыруда. Бұл жолы семсерлесуден сынға түскен Артем Саркисян жекелей сайыста қола медаль иеленіп, ел тарихында семсерлесуден елеулі нәтижеге қол жеткізді.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық семсерші жарысты 1/8 финалдан бастап, Үндістан өкілі Гишо Нидхи Кумаресан Падмамен кездесті. Артем қарсыласын 15:11 есебімен жеңіп, келесі кезеңге өтті.

Ширек финалда қазақстандық спортшыны бұдан да күрделі сынақ күтіп тұрды. Ол Париж-2024 Олимпиадасының командалық семсерлесу бойынша чемпионы, Оңтүстік Корея өкілі До Гендонмен жолықты. Тартысты жекпе-жекте Артем қарсыласынан 15:14 есебімен басым түсіп, жартылай финалға жолдама алды. Бұл жеңіс қазақстандық



семсершіге кем дегенде қола медальді қамтамасыз етті.

Ал, актық сындағы жолда Артем әлемдік семсерлесудің белді өкілдерінің бірі – үш дүркін Олимпиада чемпионы, әлемнің бес дүркін чемпионы О Сан Укпен кездесті. Жекпе-жек барысында қазақстандық спортшы бар күшін салғанымен, қарсыласына 9:15 есебімен есе жіберді. Осылайша, Артем Саркисян Азия ойындарының қола жүлдегері атанды.

Қарағандылық спортшының бұл нәтижесінің орны бөлек. Артем 1994 жылдан бері Азия ойындарының саблядан жекелей сайысында медаль алған алғашқы қазақстандық семсерші атанды. Яғни, араға 32 жыл салып, ел семсерлесуіндегі жекелей сайыстың тұғыры қайта жаңғырды.

Сонымен қатар, Азия ойындарындағы бокс бәсекесі де отандастарымыз үшін басталды. Рингке көтерілген қарағандылық



Сабыржан Аккалыков 80 келі салмақта алғашқы жекпе-жегін өткізді.

Әлем чемпионатының күміс жүлдегері үшін бұл Азиададағы алғашқы жарыс еді. 1/8 финалда ол Оңтүстік Корея өкілі Ким Минсенмен қолғап түйістірді.

Кездесу тартысты өткенмен, төрешілер шешімі бойынша қазақстандық боксшы 2:3 есебімен жеңіліп қалды. Осылайша, Сабыржан Аккалыков Азия ойындарындағы алғашқы турнирін аяқтады. Ал, Қазақстан құрамасы үшін Айти-Нагоядағы бәсеке жалғасып жатыр.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қола жүлдегерге құрмет

Аичи-Нагояда (Жапония) өтіп жатқан жазғы Азия ойындарында аралас жекпе-жектен қола жүлде еншілеген жерлесіміз Санжар Әділов туған жеріне оралды. Жүлдегерді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Нұркен Нұратов пен туған-туыстары, спорт жанашырлары, әріптестері «Saryarqa» әуесжайынан құрмет-қошеметпен қарсы алды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма басшысы өз сөзінде жүлдегерді жеңісімен құттықтап, отан алдағы жарыстарда сәттілік тіледі.

– Азия ойындарының қызығы енді басталады. Өңірден 18 спорт түрінен 42 спортшымыз ел намысын қорғауға аттанған болатын. Солардың арасынан алғашқы болып, Санжар қола жүлдені қоржынға салды. Бұл қола жүлдеміз алдағы уақытта алтынға ұлассын. Санжардың бастамасы құтты болсын! Өзі де осы спорт түрінен үлкен жетістіктерге жетуіне ниетті екенін айтқан болатын. Сол мақсатына жете бер. Біздің тарапымыздан да тиісті қолдау көрсетіледі, – деді Нұркен Канатулы.

Санжар болса, осы Азия ойындарына жарты жылдан бері дайындалғанын атап өтті.

– Жарты жыл бойы бірнеше оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Алдымен дайындық жұмыстарын елімізде бастап, кейін Қырғызстанда жалғастырдық. Жалпы, дайындығымыз жоғары деңгейде өтті. Бапкерлердің тынымсыз еңбегінің арқасында осындай нәти-

жеге қол жеткіздік. Әуесқой күрес пен кәсіпқой аралас жекпе-жектің өзіндік айырмашылығы мен ерекшелігі бар. Ережелері де бір-біріне ұқсамайды. Ендігі басты мақсатым – кәсіпқой спортқа ауысу. Алдағы уақытта спорттық мансабымды мұхит асып, кәсіпқой деңгейде жалғастырғым келеді. Осы Азия ойындары мен үшін сол жолдағы үлкен тәжірибе болды. Жарыс барысында, әсіресе, тәжірибе тұрғысынан алғанда, өзімнің бірқатар қателіктерімді байқадым. Дегенмен, бар күш-жігерімді салып, қола жүлдеге қол жеткіздім. Енді жіберген қателіктеріммен жұмыс істеп, алдағы жарыстарда нәтижемді жақсартуға күш саламын, – деді Санжар Әділов.

Айта кетейік, Санжар 65 келіге дейінгі салмақта сынға түскен болатын. Ақтық кезең жолдамасы үшін өткен кездесуде жерлесіміз тәжікстандық Отабек Раджабовқа есе жіберіп қалды.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ХОККЕЙ

Қарымтада қапы қалдырды

Хоккейден Pro Hockey League ойындарының 10 турында қарағандылық «Сарыарқа» өз айдынында көкшетаулық «Арланды» қабылдап, қарымта кездесуінде 5:2 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, бұл жолы жерлестер өз айдынында екі кездесу өткізуі тиіс еді. Алайда, қос команда арасындағы алғашқы ойында техникалық себептерге байланысты өтпей қалды. Кездесу «Сарыарқаның» айдынында өтуі тиіс болғандықтан, жерлестерге алғашқы матчта техникалық жеңіліс есептелді.

Қарымта кездесуде айдын иелері қарсыластарына мүмкіндік бермеді. Матчтың кездесудің кезеңінде есеп ашылған жоқ. Ал, екінші кезеңде жерлестеріміз шабуылды үдетіп, қарсылас қақпасынан саңылау тапты. 27-ші минутта Санжар Түсіпбек есеп ашса,

араға үш минут салып Егор Смолянинов мергендік танытып, таблодағы көрсеткішті 2:0-ге жеткізді. Дегенмен, қарсылас команда араға үш минут салып есеп айырмасын қысқартқан. Кездесудің аяқталуына небәрі екі минут қалғанда айдын иелері сапынан Данила Карабан үшінші шайбаны соғып, жерлестердің басымдығын қайта еселеді. Есеп – 3:1.

Соңғы кезеңде ойын тіпті, қызарту. 45-ші минутта қарсыластар шайба соғып, есеп айырмасын тағы да қысқартқанымен, жерлестер жігерін жасыта қойған жоқ. Араға алты минут салып, Эдгарс Сиксна мергендік танытса, 52-ші минутта Данила Карабан көзге түсіп, есепті 5:2-ге жеткізді. Осы-



лайша, қарағандылықтар «Арланға» қарсы алғашқы кездесуде техникалық жеңіліске ұшырағанымен, қарымта ойында айқын басымдықпен жеңіске жетіп, есе қайтарды.

Енді жерлестер 27-28 қыркүйекте сыртта елордалық «Nomad Astana» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Мерген қыздың мерейі

Ақтауда дәстүрлі садақ атудан ересектер арасында «Altyn Orda» әлем кубогы өтті. Байрақты бәсекеге әлемнің 20 елінен 100-ге жуық спортшы қатысып, мергендіктерін сынаған. Аталған чемпионатта өңір намысын алты спортшы қорғап, ұлттық құрама сапында өнер көрсетті. Солардың қатарында, 50 метр қашықтықтағы «Қалқан» нысанасында бақ сынаған жерлесіміз Әйгерім Кәдірман мергендігін дәлелдеп, әлем кубогының қола жүлдесін иеленді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыстың алғашқы күнінде қатысушылар 60 метр қашықтықтан «Пута» нысанасы бойынша бақ сынады. Екінші күні мергендер 50 метрден «Қалқан» нысанасын көзде, үшінші күні



40 метр қашықтықтағы «Орта Азия» нысанасында шеберліктерін сынады. Ал, жарыстың соңғы күнінде спортшылар 30 метрден

«Жамбыны» нысанаға алды.

Қыздар арасындағы «Қалқан» нысанасында 80-ге жуық спортшы бақ сынаған. Жарыс ережесі-

не сәйкес, қатысушылар 50 метр қашықтықтан нысананы көздеп, жеті мүмкіндік бойынша шеберлігін сынады. Әр мүмкіндікте тоғыз

оқтан атылып, спортшылардың жалпы жинаған ұпайы есепке алынды. Алғашқы іріктеу кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткен жерлесіміз Әйгерім Кәдірман үздік 32 спортшының қатарына еніп, содан кейін 1/16 финалға жолдама алды. Бұл кезеңнен бастап спортшылар жарыс кестесі бойынша бір-бірімен жекелей сынға түскен. Әр жұл үшін раундта тоғыз оқтан атып, өзара мықтыны анықтады. Әйгерім бұл кезеңде де қарсыласынан басым түсіп, 1/8 финалға жолдама алды. Жерлесіміз бұл кезеңде башқұрт спортшысын төрт ұпай айырмашылығымен жеңіп, 1/4 кезеңде отандасымен кездесті. Ол қарсыласынан да айласын асырып, финалдық бәсеке үшін өткен ойында қырғыз спортшысына есе жіберіп алды. Ал, соңғы жүлделі ІІІ орын үшін өткен кездесуде отандасы Аяш Қабдоллаевмен кездесіп, жеңіске жеткен.

– Садақ атумен былтырдан бастап айналысамын. Қатысқан алғашқы турнир Қарағандыда өткен облыстық жарыс болды. Өкінішке қарай, жүлдегерлер қа-



тарынан көріне алмадым. Дегенмен, бұл дода мен үшін тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді. Кейін «Ақбидай» республикалық турниріне қатысып, «Қалқан» нысанасында жүлделі ІІ орын иелендім. «Қалқан» – менің сүйікті нысаным. Бұл нысанада сынға түскенде өзімді еркін әрі сенімді сезінемін. Әлем кубогында да нысаналардың барлығында бақ сынадым. Алайда, «Қалқан» нысанасында бағым жанып, жүлдеге қол жеткіздім, – деді Әйгерім Кәдірман.

Суреттер жеңімпаздың жеке мұрағатынан